

В НОМЕРЕ:

3

День добра и уважения!

6

Қай уақытта ояну қажет?

15

Вот и осень к нам пришла!..

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№19-20

(350-351)

от 29 октября

2021 года

сенің әлемін

***Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік,
егемен еліміздің ынтымағы мен
бірлігі жарасқан ел болсын!***

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

30

Naq Sultan
THE LAMP EFFECT



«Он ушел, чтоб песней повториться. Только делами славен человек!»

В Пресновской СОШ в школьной библиотеке прошел литературный час, посвященный 105-летию народного писателя и поэта Казахстана Хамита Ергалиева. К знаменательной дате оформлена книжная выставка, где были представлены книги юбиляра. На мероприятии присутствовали гости, ученики 8-9 классов. Ведущие рассказали биографию народного писателя, тяжелые годы во время войны. Память о военных годах всегда жила в нем. В его творчестве отразилась жизнь страны и его современников, прошедших через голод, коллективизацию, репрессии, Великую Отечественную войну, период послевоенного восстановления и строительства. Чтецы читали стихи поэта, читали проникновенно, с гордостью, дети прочувствовали силу творения великого казахского поэта.

Мы проводим немало интересных мероприятий, думаем, что все это пойдет на пользу детям, чтобы они выросли патриотами, настоящими гражданами своей страны. Библиотекарь ответила на все вопросы учеников, которые узнали много нового из истории народного писателя и поэта. Можно только порадоваться тому, что юные души тянутся к высокому и уже понимают, что такое настоя-



щие жизненные ценности. Затем все вместе фотографировались на память об этом удивительном дне, который запомнится тем, что каждый прочувствовал силу поэтического слова Хамита Ергалиева, больше узнал о его богатом творчестве, пронизанном любовью к своей родной земле, своему народу. Мероприятие закончилось экскурсией по библиотеке, выставкой книг писателя и поэта, которая получилась познавательной, интересной для детей.

Любовь Алимova библиотекарь Пресновская СОШ

Осторожно, пешеход!

В целях предотвращения несчастных случаев в 1 «В» классе состоялось мероприятие по безопасности дорожного движения. Дети посмотрели видеоматериал «Уроки тетушки совы», обсудили правила поведения на дороге, во дворе, познакомились с тайнами дорожных знаков, что поможет ребятам быть внимательными, сосредоточенными и ответственными. Учащиеся сделали вывод о том, что надо всегда соблюдать правила дорожного движения, быть осторожными при переходе через дорогу, при



езде на велосипеде и играх во дворе. Дома ребята подготовили рисунки на тему «Осторожно, пешеход».

Алибаева А.А., учитель начальных классов Мичуринская СОШ

Fitness Park KZ



Учащиеся школ района Аққулы принимают активное участие в республиканском проекте продвижения физической культуры и спорта «Fitness Park KZ».

Программа адаптирована к использованию для построения комплекса упражнений. Целью Программы является продвижение физической культуры и массового спорта путем проведения образовательных, спортивных мероприятий с использованием методологии построения комплекса упражнений и активностей. Задача программы заключается в распространении методологии формирования спортивных продуктов

среди широкого круга пользователей, в том числе спортивных клубов выходного дня, рассчитанных на самостоятельно занимающихся физической культурой и спортом.

Данные упражнения в онлайн формате активно проходят три раза в неделю совместно с учителями физической культуры.

Асем Оспанова, методист отдела образования района Аққулы

День языков



интересы и индивидуально – психологические особенности учащихся.

Выступление каждого участника было интересно по-своему. Было видно, как многие волновались, для некоторых это был первый опыт публичного выступления. Но, несмотря на свой страх, участники старались и приняли



Каждый язык – это целый мир. Язык не только предмет для изучения, а живая душа народа, его боль, его память, его сокровище. Ежегодно в сентябре в Казахстане отмечается День языков. В основе многонационального праздника языков лежит идея: каждый язык – это часть духовного наследия всего человечества, а каждая культура – это бесценный вклад в мировую цивилизацию. Этой идеей было пронизано каждое мероприятие, проводимое в рамках Декады языков народов Казахстана в школе №15. Активное участие в подготовке и проведении мероприятий приняли учителя английского языка. При планировании декады учитывались познавательные

активное участие во всех викторинах, конкурсах и языковых марафонах. Победители конкурса получили грамоты. Активные участники мероприятий были награждены поощрительными призами.

Камарова С.З. СОШ №15 г.Павлодар

Лидер школы выбран!

Лидер – это человек, который ведёт за собой! Не боится преград. Человек, который добивается поставленных целей.

Согласно положению «О выборах Ұланбасы» Республиканского общественного объединения «Единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан», с 20 сентября по 1 октября прошли выборы Ұланбасы.

Выборы прошли в несколько этапов:

1 этап. Подготовительная работа. Был выбран глава и члены избирательной комиссии, разработан план выборов.



2 этап. Предвыборная агитация. Проходила регистрация кандидатов. Учащиеся, желающие выдвинуть свою кандидатуру, подавали заявления, готовили предвыборные программы, проводили агитацию среди избирателей.

3 этап. Голосование. Голосование проходило тайно, каждый избиратель под роспись получал бюллетень, который помещал в избирательный ящик.

4 этап. Определение итогов голосования. После проведения голосования в присутствии доверенных лиц кандидатов избирательная комиссия в составе 6 лидеров «Жас Ұлан» вскрыла

опечатанный ящик и провела подсчёт голосов.

5 этап. Награждение. Вручение сертификата.

По итогам голосования больше всего голосов набрала ученица 7 «Б» класса Опарина Регина. Регине был вручен сертификат, подтверждающий, что она является Ұланбасы школы на 2021-2022 учебный год

Мы поздравляем Регину с победой! Желаем ей удачи!

Молодая В.К., старшая вожатая Береговая СОШ района Терекөл

3 стр.

День добра и уважения!

Есть такие даты в сентябре, которым радуются люди разных поколений – это День учителя и день пожилого человека. А для учителей, находящихся на заслуженном отдыхе, это особый праздник.

По сложившейся традиции, коллектив Береговой СОШ поспешил поздравить своих коллег на пенсии, проживающих в селе, районе и области. Директор школы Ибраева К.К. и председатель профкома Жантимиров А.К., в первую очередь, поздравили с Днем учителя и Днем пожилого человека Малыгина Геннадия



Дмитриевича, который уже много лет живет в г.Павлодар. Ветеран Великой Отечественной войны, директор Береговой СОШ в прошлом, «Отличник просвещения Каз.ССР, почетный житель Качирского района – это еще не полный список заслуг Геннадия Дмитриевича. Каждый год Геннадий Дмитриевич искренне радуется приезду своих коллег, с удовольствием принимает поздравления.

Поздравили с двойным праздником также Топко Олега Алексеевича и Топко Екатерину Арсентьевну, которые всю жизнь посвятили обучению детей Береговой СОШ. Учителя физической культуры Олега Алексеевича и

учителя русского языка и литературы Екатерину Арсентьевну знают и уважают все учащиеся за трепетное отношение к своей работе.

Семью Дюсекеевых поздравили по месту жительства в г.Экибастузе. Дюсекеев Нуртай Бейсенович в прошлом директор Береговой СОШ и учитель физической культуры. Дюсекеева Бибинур Жалауовна – воспитатель в мини-центре. В домашней обста-



новке, по-семейному, отметили этот добрый, светлый праздник. «Бывших учителей не бывает»,



- говорят сами педагоги. Разве можно перестать быть учителем в душе, после стольких лет работы в школе. Коллектив школы и учащиеся с огромным уважением относятся к ветеранам педагогического труда, которые всегда будут примером самоотверженности и трудолюбия.

**Жантимирова М.Ж.,
заместитель директора
по ВР
Береговой СОШ района
Терекөл**

№№19-20

(350-351)

от 29 октября
2021 года

Моя мамочка

О своей маме – Влашенко Ольге Олеговне - я могу говорить бесконечно много, наверное, потому что очень люблю, а еще и потому, что она интересный человек.

Я люблю нежные руки мамы, которые, однако, не боятся работы по

дому, на даче и в школе. Люблю мамыны выразительные глаза, которые иногда бывают и грустными, и с усталым взглядом, но всегда внимательны к нам и окружающим.

Мне очень нравится, когда мама дома. Тогда вся семья в сборе, и дома кажется особенно тепло и уютно, весело и душевно. По пятницам (так уж получается) мы подолгу все вместе смотрим интересные фильмы за семейным ужином, эту традицию когда-то начала мама.

Часто читаем одну на двоих книгу, вместе гуляем в близлежащем парке. А перед сном любим все полежать рядышком на кровати родителей и поболтать ни о чем. Мама, занимаясь кухней, любит слушать музыку с телефона, напевая, ведь позади музыкальная школа по классу фортепиано. Знает и неплохо говорит по-английски, но учит для



себя и другие языки.

Наша мамуля – человек принципиальный, честный, прямолинейный. Этого же ждет от других, так воспитывает молодежь и нас, детей. Однако, если надо, мама может приобнять, приласкать, пожалеть, дать совет, если нужна ее поддержка, особенно ребенку.

Мама наша любит природу, правда, в силу своей занятости, получается вырваться из дома нечасто. Тем не менее в выходные мы стараемся выезжать за город или на дачу, на берег Иртыша, в березовую рощу.

Мама очень привязана, преданна своим родителям. Бабушка моя Рачинская Надежда Петровна, кстати, тоже является педагогом-языковедом с более чем 40-летним стажем, причем, все это время была бессменным заместителем директора одной-единственной школы – школы №17 города Павлодара! Пользуясь случаем, хочется и маме, и бабушке накануне их профессионального праздника пожелать крепкого здоровья, всегда отличного настроения, благополучия во всех делах дома и на работе.

**Влашенко Илья, 5 «А» класс
СОШ 43 г. Павлодара**

Наш любимый юбиляр

В нашей школе работает более 30 учителей. 8 учителей отмечали свои юбилеи начала работы в школе. Удербает Даметкен Бегалиевна - одна из учителей – юбиляров. Она проработала в нашей школе 20 лет. У нас ведёт физкультуру.

Даметкен Бегалиевна очень добрая, отзывчивая и позитивная. Учитель выбирает тот предмет, который ему по душе. Даметкен Бегалиевна решила стать учителем физкультуры. Учителя физкультуры бывают разные. Например, кто-то слишком строгий, кто-то заставляет много бегать, но Даметкен Бегалиевна особенная. К каждому из нас она найдет подход.

Даметкен Бегалиевна - классный руководитель 6 «Б» класса. Даже если я учусь в казахском классе (у нас хороший классный руководитель Шимбаева Бахытгуль Даутхановна), Даметкен Бегалиевна никогда не оставляет меня в стороне. Если у них в классе какое-то мероприятие, дети всегда зовут меня к себе.

Ещё на каждый день рождения учеников 6 «Б» класса (в том числе и мой), мы готовим сюрприз. В прошлом учебном году мы де-



лали плакаты, а в этот раз мы не знаем, что делать, но нам поможет Даметкен Бегалиевна.

На праздник Наурыз Мейрамы девочки в школе готовили главное блюдо казахской национальной кухни – бесбармак. Даметкен Бегалиевна научила всех девочек замешивать тесто на бесбармак и раскатывать его. А в июне в пришкольном лагере прошел Этноаул. Там нас научили готовить самсу. В этом заслуга воспитателей – Удербает Даметкен Бегалиевны и Сергиенко Татьяны Владимировны.

Даметкен Бегалиевна - очень хороший учитель. Мы ее очень любим!

**Жұмабай Ясмин, 6 а класс
Павловская СОШ
село
Коньрозек Успенский район**

Моя мамочка самая, самая

Моя мамочка самая лучшая, и с этим не поспоришь. Судите сами. Зиневич Анастасия Вячеславовна эффектна внешне и в вечернем платье на корпоративе, и в спортивном костюме на даче или пришкольном участке. И в этом для нас с младшей сестрой мама является примером для подражания.



Мама горит работой, обожает свой предмет, равнодушна к детям, болеет за школу и за все, что

с ней связано.

У нашей мамочки исключительный характер. Она строгая и требовательная к себе и окружающим, но при этом умеет и любит пошутить, посмеяться. Мамуля многое знает и многое умеет, чем вызывает восхищение и уважение. Она много вместе с нами читает, играет на гитаре, в баскетбол, шьет своими руками и вяжет красивые вещи для себя и для нас с сестренкой.

Но самое главное для меня лично – это безусловная любовь мамы к нам, к папе, к своим родителям и бабушке. Она умеет сочувствовать, поддержать, когда трудно, помочь каждому, кто в этом нуждается.

И, конечно, это чувство безграничной любви взаимно. Ты нам бесконечно дорога, мамочка. Оставайся всегда молодой и красивой, позитивной и жизнерадостной, влюбленной в профессию и в мир вокруг. Пускай исполняются все твои мечты и творческие замыслы. С Днем учителя!

**Мария Зиневич, 9 «Б» класс
СОШ 43 г. Павлодара**

ТЕМА

Атадан қалған – асыл мұра

Әрбір халықтың өзіне тән салт – дәстүрлері, әдет – ғұрыптары, халық ауыз әдебиеті, мәдениеті, тәрбиелік ұстанымдары бар. Міне, осы асыл қазынамыз бізге ұрпақтан ұрпаққа жетіп, сан ғасырлар бойы аманат ретінде келе жатқан-үлкен дүние. Бұл дүниені болашақ

«Атадан қалған – асыл мұра» атты іс-шара аталып өтілді.

Аталмыш шарада оқушылар өздерінің дайындаған өлең шумақтарын, мақал-мәтелдерін, «Қара жорға» биін ортаға салып, көрермендерін қызықтыра түсті. Қазақ халқының салт – дәстүрін, сенім – ырымдарын, ұлттық ойындарымен таныстырған оқушылар, жиналған қауымды тәнті етті. Шараға әдейі шақырылған бишешендердің тәрбиелік мәні бар нақыл сөздерін бойына сіңірген оқушылар, көп нәрсені білгендей болды.

Мұндай шараларда оқушылар, қазақтың ұмытылып бара жатқан ата-дәстүрінен сусындап, нәр алады.

Біз, келешек ұрпақты өнегелі, білімді, мейрімді, қонақжай етіп тәрбиелегіміз келсе, салт-дәстүрімізді ұмытпауымыз керек.

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі Мейрамгүл Қарабаева



жастарға, келешек ұрпаққа жеткізу- мына біздің қолымызда. Сол себепті, Тілдер апталығына орай, мектебіміздің 5 сыныбында

Білімділер додасы

Шақат орта жалпы білім беру мектебінде оқушылардың білімі мен біліктілігі анықтау мақсатында мектепшілік пән олимпиадасы ұйымдастырылды. Мектептегі олимпиаданың негізгі мақсаты: оқушының ой-өрісін кеңейту; оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыту; мектепшілік, аудандық олимпиадаларда оқушының өзінкөрсете білуге дайындау. Жыл сайын өткізілетін бұл шара биыл да ерекше түрде өткізілді. Оқушылардың олимпиада жұмысын жауапкершілікпен орындауына шараның үлкен жауапкершілікпен ұйымдастырылуы оң әсер етуде.

Білімді азамат - еліміздің болашағы. Оқушыларды өмірде



өз жолдарын табуға осындай білім додаларының үлесі зор. Әр оқушы өзіне жақын пәндерді таңдап, саол бойынша білімін тексеріп немесе шындайды. Ұстаздар да оқушының икеміне қарай болашақта қандай маман иесі бола алтынына бағыт-бағдар береді.

Олимпиада қорытындылары шығарылып, жүлделі орын алған оқушылар есімдері жарияланды. Осының нәтижесінде 9-11 сынып оқушылары арасынан аудандық пән олимпиадасына қатысатын команда жасақталды. Оқушыларымызға сәттілік тілейміз!

Шақат мектепшілік баспасөз орталығы Павлодар ауданы

Ұлы даланың жазушысы-Мұхтар Әуезов әлем есінде



Мұхтар Әуезов-қайта жаңару мен өрлеу ауқымындағы тұлға. Мұндай алып тұлғалар қоғамның рухани өмірінің көптеген салаларында жарқындап жарық жұлдыз кейпінде көрінеді. Мұхтар Әуезовтың қазақтың дүниетанымы мен рухани дүниесін дамытудағы орны ерекше. Жазушының

шығармашылығы-қазақ өнерінің кемелденуінің айғағы. Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі-Әуезов. Ол-әлемдік құбылыс. Әуезов-ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі.

Жазушының оқушылар арасында шығармаларын насихаттап, поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөздің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету мақсатында 2021 жылдың 28 қыркүйек күні жазушының 124-жылдығына орай М.Әуезов атындағы орта мектебінде «М.Әуезов оқулары» өтті. Бұл оқуға мектебіміздің 6-8 сынып оқушылары қатысты. Қатысушылардың әрқайсысы Мұхтар Әуезовтың шығармаларынан үзінді оқыды. Үзіндіні оқу барысында оқушылар өздерінің дарындылығын,



поэзияға деген қабілеттерін көрсетті. Мұхтар Әуезовтың шығармаларын шақышына келтіріп оқыды. Оқушылар жүлделі 1,2,3 орындарға ие болды. Сәйкесінше, мадақтама қағаздарымен марапатталды. Біздің мектепте жазушының шығармашылығын насихат-

тау іс-шарасы жылдан-жылға жалғаспақ.

Каирбекова Г.Х., Сенкебаева Қ.С. М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

ҚАЛАМҒЕР ҚАДАМЫ

Балалық шақтың арманы

Менің арманым балалар дәрігері болу. Дәрігер болу үшін мектептегі биология пәні жақсы білу керек. Ақ халатты абзал жандар адамдарға қол үшін береді, емдейді. Олар өте ақылды, мейрімді жандар. Дәрігер болуды жаным сүйеді. Дәрігердің адамдарға берген мейірімі, шипасы, адамды сауықтырады.

Себебі олар науқастарды емдеп, олардың жандарына араша түседі. Науқастардың жазылып кетуіне бар білімін, күш - жігерін жұмсап, аянбай еңбек етеді. Дәрігер болу үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені ол кісілер қашан болмасын көмекке келуге әзір болу керек. Бұл кісілер тынымсыз еңбек



етіп, барлық жауапкершілікті өз мойындарына алады. Менің арманым орындалу үшін, мектепте үздік оқып, көп білім алуым керек. Мүмкін, менің де арманым орындалып, ақ халатты абзал жандардың қатарынан болармын.

Қанапия Аружан, 4 «Ә» сыныбы № 35 мектеп

Елім менің Қазақстаным!

Елім менің Қазақстаным, Елім деген жалын жастамын. Туған елім, Отаным менің, Өзіңді әр кез, мақтан тұтамын.

Отаным менің, кең байтақ жерім, Көңілі дархан, даладай елім. Өзіңнен ақын, әнші де шыққан, Батыр да туған, қорғаған жерім.

Осындай елдің, ұрпағы болған, Намысты бермей, жүретін қолдан. Өскенде қорғап, елдің намысын, Боламын әр кез өзіңе қорған.

Қ. Бекқожин атындағы жалпы орта білім беру мектебі 4 «Ә» сынып оқушысы Әсембай Ерасыл Аманжолұлы



Железин ауданы М.Дулатұлы атындағы №3 жалпы орта білім беру мектебінде рухани – адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру және де оқушылар арасында іс-шаралар ұйымдастыру жоспарымен қазақ айының екінші аптасында «Сыбайлас жемқорлық - жемқорлықтың тарихи тамыры», «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» тақырыптарында 8-11 сынып оқушылар арасында эссе байқауының үздік жұмыстарын сіздерге ұсынамыз.

Сыбайлас жемқорлық – жемқорлықтың тарихи тамыры

№19-20

(350-351)

от 29 октября
2021 года

Қазіргі кездегі мәселелердің бірі – қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бірімізді мазалайды.

Сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстан да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Сонымен қатар демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық жағдайына кері әсерін тигізеді, және де елдің болашақта дамуына маңызды қауіп төндіреді.

Яғни Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың жалпы елдің және әрбір адамзаттың әл-ауқатын төмендету, сонымен қатар мемлекеттік экономика саласына залал келтіргені үлкен кемшілік деп ойлаймын. Оның үстіне осының барлығы халықтың билікке деген сенімін жоғалтуға қауіп төндіреді.

Менің ойымша егер сыбайлас жемқорлық біздің елімізде немесе бүкіл әлемде болмаса



жақсы болашақ құруға болар еді. жемқорлардың жазасыздығы олардың көбеюіне және дамуына әкеліп соғады, бұл адамдар мен экономикаға жаман әсер етеді. Бірақ сыбайлас жемқорлыққа барлығы әр-түрлі қарайды, ғибраттың шекаралары бұлдыр деп айтуға да болады. Сыбайлас жемқорлықты латын тіліне аударсақ жою бұл нұпаралық алдау дегенді білдіреді. Яғни, бұл жаман әрекеттер кешені, әлеуметтік – экономикалық құбылыстың көп деңгейлі және көп құрылымды мазмұны. Жемқорлық ол қоғамдық өмір саласының бәрінде бар. Сыбайлас жемқорлықтың көптеген алаяқтыққа ұқсас. Солардың бірі пара беру. Ол ең төң, қауіпті және кең таралған

ресми қылмыс құбылысы қана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың типтік көрінісі. Бұл қылмысқа ақша, құнды қағаздар, әр – түрлі мүлік, сонымен қатар негізінен өз пайдалығына керекті іс-әрекет немесе мүлікті алу жатады.

Парақорлыққа қарсы күреске өскелең ұрпағы зор үлес қосуы мүмкін. Ол үшін ата-ананың дұрыс тәрбиесі және т.б жағдайлар сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендетуіне көмектеседі деп ойлаймын. Негізі өзінің және бөтен адамның мүлкіне дұрыс қарым-қатынаста болуды, бала жастан тәрбиелеу керек. Сыбайлас жемқорлықты төмендету



үшін жұмысшыларға лайықты жалақы беру қажет. Себебі қызметкерлердің ақшаға деген қажеттілігі аз болса, заңсыз пара алуға мүмкіндігі де аз болады. Сосын қылмыстық жазаларды және пара алушылардың жазасын қатаңдату қажет деп ойлаймын.

Қорыта келетін болсақ, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресі барлық Қазақстан Республикасының азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

10 сынып оқушысы,
Баяхметов Мағжан



Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі

Қазіргі таңда әр мемлекетте, тіпті өзіміздің Қазақстан елімізде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері бар. Ол мемлекеттердің экономика мен болашақ дамуын, нарықтық жағдайын тежейді. Сыбайлас жемқорлық елдің болашағына елеулі қауіп төндіреді. Өкінішке орай қазірде пара беру, пара алу күннен – күнге өсіп келе жатыр. Сондықтан БҰҰ ұйымы мен оған кіретін елдер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізіп жүр. Еліміздің тұңғыш президенті Н. Назарбаев «қоғамның көмегісіз жемқорлықты жеңу мүмкін емес» екенін айтқан.

Себебі әрбіріміздің қолымызда сыбайлас жемқорлықты жеңуге мүмкіндігіміз бар. Егер біз өзіміз



пара бермесек, пара алмасақ, онда сыбайлас жемқорлық деңгейі



төмендейді. Жемқорлық ертеден келе жатқан құбылыс. Бірақ қазіргі уақытта ол өзгерді. Үлкен лауазымды адам өзге адамның мәселесін шешіп, сол әрекеті үшін ақшалай, бағалы заттар немесе мүлік ретінде алған парасы, өзінің үлкен дәрежесін пайдаланып өзінің туысын, жақындарын жұмысқа алу, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың бір бөлігін өз қалтасына салу. Бұл жемқорлықтың іс-әрекеті. «Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет». Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы. Біз жемқорлыққа әуес болмай әділ болуымыз қажет.

10 сынып оқушысы
Тлебалдина Камила

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Бүгінде біз бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Бұрынғыдай «дефицит» деген дүние жоқ: не ішсек, не жесек демейміз. Яғни, адам өмірін қамтамасыз ету үшін бар жағдай жасалған. Алайда осы жағдайлар адамға қаншалықты әділ, әрі жеткілікті түрде беріледі? Әрине, адамның адам болып қалуы үшін кедергі келтіретін жайт – коррупция. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінің» тақырыбы бүгін осы жемқорлыққа арналмақ. Қазіргі жаһардану барысында жемқорлық белең етек жайып келе жатыр, өкінішке орай. Балаларды балабақшаға орналастыру, қызметке тұру үшін, жазадан қашу үшін «Бәке, Сәкелер» керек. «Астана ЛРТ» - ны саламыз деп, бірақ шенеуліктердің қалтасын кампиттық. Елордада бой көтерген тұрғын үйлердің түрі сол - ақша желінгендіктен қабырғалары сытырлап, төбелері шатырлап, құлаудың аз-ақ қалпында тұр. Спорт жағдайы да мез емес. Кәсіби спортшылардың өзі спорт өмірін тастауда. Неге? Себебі, мемлекет беретін қаражатты ұйымдастырушылар тағы қалтасына басады. Елімізге шағым айтқандай болмайын, бірақ шындық әрдайым ашы келеді емес пе? Өтіріктің балын татып, қоғамдық проблеманың бетін жылы жапқанша, шындықтың уын ішіп, мәселені көтеру керек деп есептеймін. Менің ойымша, еліміздің дамыған елдер қатарына кірмеу себебі де осы - Бәке, Сәкелер

авторитеті, яғни жемқорлық. Жемқорлықты қалай тоқтатамыз? Меніңше, ешқалай! Жемқорлық болған, болып жатыр, болады да. Барлық адамды тәубеге келтіру мүмкін емес. Дей тұрғанмен, оның санын азайту қолымыздан келеді. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халқымыз. Отбасында «Уайымдама, ақшамен шешеміз» деген цитата мүлдем болмауы керек, ереже бұзғандар үшін «Жұмабектің бажасы» статусын алып тастау қажет. Билікте білімді де, білікті мамандар отырулары тиіс. Үкімет билігінде «10-15% ғана әйелдер мен жастар сайланады» деген шектеу қойылмауы тиіс. Әйелдер де ел басқара алады, жастар да билік жүргізуге қауқарлы. Оның айқын дәлелі – Аустралия билігі. Онда коррупция да, зорлық-зомбылық та едәуір аз. Заңның да өзгертетін тармақтары баршылық. Меніңше, ол - Қытай тәжірибелеріне сүйене отырып, коррупция жазасын қатаңдату. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет» деген. Мен тек еліміздің болашағына алаңдаймын. Ертеңгі ұрпақ бізге қарап бой түзесе екен деймін. Бүгін пара алып, ертең темір тордың ар жағында қамшының сабындай қысқа ғұмырымызды өткізіп жүрмейік!

11 сынып оқушысы
Серикбай Дилгара

86-ҚАДАМ: АҚШАНЫҢ АРТЫНА ТҮСУДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ

6стр.



№№19-20
(350-351)

от 29 октября
2021 года

Қазір бір қадам аттасаң, ақшаға келіп тіреледі. Заман сондай. Адам болып өмір сүргеннен кейін тамақтану қажет, киіну қажет, автокөлік алу керек, үй алу керек т.б. қажеттіліктердің барлығы сол ақшаға келіп тіреледі. Қажеттіліктердің бәрін алу үшін айтарлықтай көп болмаса да, жұмыс істеу керек. Әлбетте, ақша өмірдегі басты нәрсе емес қой. Бірақ ол сізде жетіспесе, басты нәрсеге айналуға шамасы бар. Шынымен де, ақша сізде жетіспесе, ол басты нәрсеге айналуға шамасы жетерлік. Бірақ сол ақшаны басты нәрсеге айналдырмаудың жолын қарастыруымыз қажет. Ақшаның соңына түсіп кеткен адам, ол адамшылдық кейпінен танатыны анық. Ол жайлы талай философия, талай ғалымдар айтқан қанатты сөздер, талай өмірлік мысалдар жетерлік. Бұл өмірде ешкім де мәңгілік өмір сүрмейді. Ана өмірге бір

тиын да алып кете алмаймыз. Қазір көптеген миллионер, миллиардер бар. Бәрі болмаса да, арасында ақшаны өмірінің мәні етіп алғандар да бар. Бірақ сол ақшаны ешқайсысы о дүниеге алып кете алмайтынын бәрі де біледі. Зерделесек, өзіңнің тәни қажеттілігіңді өтеп алғаннан кейін айналаңа көмектесу парыз. Тәни қажеттіліктер ішер асың, киер киімің, тұрар үйің, айдайтын көлігің, қалаған уақытта демалатын қаржың, ауырғанда емделетін, алғың келген нәрсені ала алатындай жағдайың болғанда адамның тәни қажеттілігі өтеледі. Тәни қажеттілікті қанағаттандырғаннан бастап, айналаңа қаржылай көмектесу адамгершіліктің жоғары сатыларының бірі деп ойлаймыз. Ақшаның артынан түсіп кеткен адамдар қанша ақшасы көп болса да, ол оларды қанағаттандырмайды. Өйткені

қос-қос көлік, алқа-жүзіктердің неше түрі, қос-қос үйлер осы секілді өзіне керектіден артық нәрселерді үнемі алудың арқасында, өзін өмір бойы қанағаттандырмай өтетіндіктен, айналасына көмектесу жайлы ойламай кетуі де мүмкін. Қолдан келгенше айналаңа адамдарға қаржылай болсын, рухани болсын көмектесуге тырыссақ, бізге де өмір көмектесетіні анық. Бастысы ақшаны өмірдің мәні етіп алу-дан сақ болайық. Алдында айтып өткеніміздей, адам өмірінің сапасын анықтайтындар: денсаулық, білім, көңіл-күй, рухани жан дүниесі және материалдық жағдайы. Осы бес жайттың алғашқы төртеуі адамда жеткілікті түрде болса, бесіншісі өзі-ақ бола береді. Қаржыға байланысты оқыған кітаптардың барлығында дерлік: ақшаға жұмыс істеме; ақша саған жұмыс істесін деп жазылғанын

оқуға болады. Шынымен де, ақшаға емес, ақша саған жұмыс істейтіндей, әрекет жасай білу қажет. Осы ақшаға байланысты мына кітаптарды оқуға кеңес береміз: Сайдмурод Давлатовтың «Мен және Ақша», Джордж Самуэл Клейсонның «Вавилондағы ең бай адам», Роберт Кийосакидің «Бай әке және кедей әке». Бұл кітаптарда ақшаны қалай басқару жайлы толық жазылған. Ақша өмірдегі ең маңызды нәрсе емес. Бірақ сізде жетіспесе, ең маңызды нәрсенің қатарына қосылады.

Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
Ақсу қаласының №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Павлодар облысы
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Уақытыңды басқар

Жаратылыста біздің тағдырымыз бен әл-ауқатымызға, қуатымызға қатысты заңдылықтар бар, бұл адамның ұйқыдан тұру уақытына тікелей тәуелді. Ағыл мен біздің ағзамыздың өмірлік тонусы біздің ағзамыздың өмірлік тонусы біздің ұйқыдан тұру уақытымызбен



жүйелі байланысты құрайды. Сондықтан біз аталмыш қарым-қатынас мәселелерін егжей-тегжейлі талқылаймыз:

- Түнгі сағат 2-3 кезі // Егер адам дені сау болып, психикалық тұрғыдан ешқандай қиындығы болмаса, әрі түнгі сағат 2-3 кезінде тұра алса, ол өзін-өзі тану жолында көп қабілеттілік танытады. Осы уақытта күн белсенділігі әлі де өте әлсіз, ал ай біздің санамызға жұмыс жалғастыруға жеткілікті күшке ие болады. Нәтижесінде ақыл бейбітшілік пен тыныштық күйге енеді. Мұндай таңертеңгі уақыт Алла Тағаланы еске алып, құлшылық жасауға өте тиімді рухани сәт болып саналады (тәһәжжуд намазының уақыты).
- Таңғы сағат 3-4 кезі // Таңғы сағат 3-4 кезінде тұрған адам өзінің рухани табиғатын дамыту мен түсіну үшін қажетті күш-қуатты жинақтай алады. Бұл уақытта тұрған кезде рухани тәжірибемен айналысу ұсынылады. Аталмыш таңғы уақыт тек осы мақсаттарға арналған. Осы кестені ұстанған адамдар мен күн сайын таңертеңгі намазды оқитын адамдарды үлкен тосын сый күтіп тұрады, бұл кезеңде адам жан дүниесінің терең құпиялары ашылады. Айтылған сырдың жалғыз шарты – олар рухани адамдармен көбірек қарым-қатынас жасауға тырысуы керек және ар-ұждандары күнәмен ластанған адамдармен қатынасты мүлдем азайтуы шарт.
- Таңғы сағат 4 пен 5 кезі // Егер адам әрбір күнін таңғы сағат

ҚАЙ УАҚЫТТА ОЯНУ ҚАЖЕТ?

4 пен 5-тен бастаса, оптимист болуға өте қабілетті келеді. Дәл осы уақытта жер әлемі оптимистік күйге енеді. Барлық әнші құстар тыныштық әлемінде тербеліп, түрлі дауыспен құбылып, ән салуды бастайды. Мұндай уақытта белсенділік танытып, ояңған адамдардан жақсы ақындар, дарынды адамдар, сондай-ақ жай ғана оптимист адамдар шығуы мүмкін. Таңертең ерте тұру адам жанына әрқашан қуаныш сезімін сыйлайды. Айтылған уақыт сондай-ақ әлі де белсенді қызмет үшін арналмаған. Алайда осындай рухани сәттердегі уақыт аралығында тұрып, діни кітап оқып, ғибадат етуге әрі барша адамзат үшін дұға тілеуге болады.

- Таңғы сағат 5 пен 6 кезі // Таңғы сағат 5 пен 6 кезінде ұйқыдан тұратын адамдар өте сергек болып, һәм өмір бойы батыл болуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар кез келген ауруды жеңуге жеткілікті күшке ие болады. Сіз таңғы сәтте рухани тәжірибемен айналысуды жалғастыра аласыз. Ең маңыздысы – Құран, хадистер мен дұғаларды жаттауға немесе кейбір тиісті ақпаратты есте сақтауға мүмкіндік туады. Осы уақытта күн мен ай да әлі белсенді ес, сондықтан ақыл кез келген ақпаратты қабылдауға өте сезімтал және жадында сақтауға бейім келеді.
- Таңғы сағат 6 мен 7 кезі // Егер кімде-кім 6-дан 7-ге дейінгі уақытта оянаса, күннің шығуынан кейін тұрған болып саналады. Бұл дегеніміз – олар уақыт заңдылығын мойындамайды, алайда көп ұйықтамауға да тырысады. Олардың тонулары өздері қалағаннан біршама төмен болады, ал жасаған істері нашар болмаса да, айқын болмайды. Осы кезде төсектен тұрған адам физикалық және психикалық тұрғыдан қосымша күш-қуатқа қол жеткізбейді. Адам Жер ояндан бұрын ерте тұрып, өзінің ақыл-ойын ретке келтіруі тиіс (күн уақыты бойынша 6-ға дейін). Тек осы жағдайда ғана ауа райы бізге магниттік дауылдармен байланысты барлық мазасыздық түрлерін тудыра алмайды. Осылай ету арқылы адам Жердің бүгінгі көңіл-

күйіне бейімделеді. Ол таңғы сағат 6-да әлі ұйықтап жататын болса, мұндай бейімділікті сезінбейді. Сондықтан кімде-кім сағат 6-дан кейін тұратын болса, нағыз оптимист болуы мүмкін емес, өйткені оның қуанышы табиғи әрі шынайы емес, жасанды болады.

- Сағат 7 мен 8-дің арасы // Егер адам сағат 7 мен 8 арасында оянаса, оның психикалық және физикалық тонусы төмен болатындығына кепілдік беріледі. Мұндай күйде өз уақытын бекерге өткізеді. Сондықтан ол адамның бүкіл күні қарбаласқа толы болып, табысты болуы үшін жеткілікті энергиясы жетпейтіндей сезінеді. Кім осы уақытта тұрса, басы ауырып, тәбеті жоғалады, иммунитеті төмендейді, пассивтік өмірлік позицияны ұстанады, асқазанның қышқылдығы азаяды және бауыр ферменттерінің тапшылығына душар болады.
- Сағат 8 бен 9-дың арасы // Егер энергия жеткіліксіздігін жеңу үшін әр күн сайын әрекет ететін болса, онда сол адамда шамадан тыс тәбеттің артуы, жүйкесінің шаршауы, жоғары қан қысымы, абыржу, қышқылдың артуы, ағзадағы қабыну процестері байқалады. Егер адам сағат 8-9-

арасы // Адам сағат 9 бен 10-ның арасында оянаса, өмірінде депрессияға душар болып, өмір сүруге деген қызығушылығы бол-



майды. Оның көңілі жиі қорқыныш пен сенімсіздікке, ашу-ызаға лық толады. Ал бақылаусыз әдеттер, бақытсыз жағдайлар, тез үдемелі ауыр ауруларға, ерте мүгедектікке немесе ерте қартаюға душар етеді.

Жапа шегіп, жай жату – Жасқаншақтың белгісі. Ерте жатып, кеш тұру – Еріншектік белгісі. (мақал)

Біз өзіңізбен бірге көріп отырғандай, бүгінгі ғылым бізді тәһәжжуд намазына, түнде ғибадат етуге әрі таңғы намазды оқуға бұйырған Алла Тағаланың шексіз даналығын көрсететіндігін дәлелдей түсті. Сондай-ақ біздің сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) бізге әрбір күнді қалай өнімді бастау керектігін және уақытты тиімді өткізу қажеттілігін, сонымен бірге күшті иммунитетке ие болып, әрбір ісімізде берекетті болудың тамаша жолдарын көрсеткен.

Бұл Ұлы Жаратушының нұрлы тәрбиесін алған Әзиз Пайғамбарымыздың жай адам болмағандығын тағы да дәлелдей түседі. Себебі қарапайым адам бұл табиғатағы заңдылықтар туралы және біздің биоырғағымыздың ерекшеліктері жайындағы терең мағлұматтарды қайдан білсін?


Жиған-терген Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
Ақсу қаласының №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Павлодар облысы
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



дың арасында төсектен оянаса, сол сәтте өзінің мінезінің кемшілігін жеңе алмайды, түрлі зиянды әдеттерге бой ұрады. Сондай-ақ осы уақытта тұру адам өміріне үлкен қиындықтар әкеліп, созылмалы және ауыр аурулар, көңіл қалдыратын түрлі сәтсіздіктерге тап келеді. Аталған топтағы адамдар болған жағдайларды дұрыс бағалауға әрі тиімді шешім қабылдауға қиындық көреді. Олар өмірде дұрыс таңдау жасай алмайды және олардың өміріндегі ештеңені өзгертуге күші жетпейді.

- Сағат 9 бен 10-ның



№№19-20

(350-351)

от 29 октября
2021 года

«Өлең жазу – дертіне болған дауа, Оны оқысаң, жұтқандайсың таза ауа. Бұл ақының – Мұқағали Мақатаев Өлеңменен рух берген ұлтқа дара» – дегендей, Мұқағали – жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүректен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындатқан ақиық ақын! Шың дарын өз заманының шындығын шығарма арқауына айналдырып, халық көңіліне ұяласа, ол мәңгі өмір сүреді. Халық сеніміне ие болу, қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға



түсіру, сыр ғып шерту келешектің жарқын сәулесімен нұрландыра түсуі сирек кездесетін бақыт. Оны Мұқағали ақынның поэзиясынан танып, көруге болады. Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре

байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын XX ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мектебімізде мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай 5-11-орыс сыныптарының арасында мектепшілік «Ғасырда туған дарабоз» атты ақынның туындыларын мәнерлеп оқу сайысы өтті. Байқауға әр сыныптан бір оқушыдан қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша Сытник Елизавета I орынға, Базылова Камила II орынға, Сухарева Кира III орынға ие болды. Қатысушылар сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталды. Қатысушыларға уақыттарын бөліп, өнерлерін көрсетіп, өсіп келе жатқан ұрпаққа жақсы үлгі көрсеткендері үшін алғыс білдіреміз!

Мектепшілік оқулар сайысы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері: Г.Б. Камзенова, Г.Д. Алшынова, А.К. Тастенова және ән-күй пәнінің мұғалімі:



К.А. Аскаррованың ұйымдастыруымен өтті.

**Г. Камзенова, А. Тастенова,
№24 гимназия-мектебінің
қазақ тілі пәні мұғалімдері**

Біз- дарынды баламыз!

Жуырда шығармашыл балалардың арасында жыл сайын өткізілетін аудандық «IX Мағжан оқулары» өткізілді. Бұл оқулардың негізгі мақсаты – дархан даламыздың данышпан тұлғаларының бірі Мағжан Жұмабаевтың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, оның шығармашылығын дәріптеу, жас ұрпақтың бойына сіңіру болып табылады. Аталмыш сайысқа Кеңес негізгі мектебінің 7-сынып оқушысы Серикпаева Аружан және 8-сынып оқушысы Жұмабайұлы Ерасыл қатысты. Бұл додада менің сыныптасым Жұмабайұлы Ерасыл «Өлең-менің Шолпаным, Айым, Күнім» - Мағжан өлеңдерін жатқа оқу номинациясында II жүлделі орынға иеленді. Айта кету керек, Ерасыл ауылымызға жуырда көшіп келді. Бұрын оқыған мектебінде де ол түрлі сайыстар мен оқуларға


қатысқан. Жарайсың, Ерасыл! Сонымен қатар, 19 қараша күні 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық ғылыми жобалар жарысының аудандық кезеңі өткізілді. Бұл жарысқа мен «Ұлттық бренд негізінде қазақ тілін меңгерту» тақырыбымен қатысып, жүлделі I орынға иеленіп, облыстық сайысқа жолдама алдым. Бізді шығармашылық жарыстарға дайындайтын мектебіміздің басшысы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Айнұр Шалабайқызына алғысымыз шексіз. Мұғалімге зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз! Алдағы уақытта да мектеп оқушылары жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз!

Павлодар ауданының Кеңес негізгі мектебінің 8-сынып оқушысы Зайцева Анжелика

Құстарға қамқорлық

Қыс мезгілі жақындап қалды. Ауа райының ең суық кезеңі келеді. Қыс елімізде қалатын құстар үшін ауыр соғады. Кейбір құстар көктем келгенше жылы жаққа

ұйымдастыруымен «Құстарға қамқор болайық» атты акция жүргізілді. Осының қорытындысы ретінде қазан айының 26-да біздің мектепте «Құстарға қамқорлық күні» өткізілді.



ұшып кетсе, енді кейбіреулері жыл бойы осында қалып, күннің жылынғанын күтіп, күнделікті жем іздеумен болады. Шақат орта жалпы білім беру мектебінің биология пән мұғалімі мен технология пән мұғалімдерінің

«Құстарға қамқорлық жасау» атты акция жүргізілді. Осыған орай мектебіміздегі барлық сынып оқушылары құстарға арналған жем сауыт жасап, құстарға қамқорлық жасайды. Әр сынып жем сауыттарды өте әдемі және де ыңғайлы етіп жасайды. Мұғалімдер оқушыларға қоршаған ортаны қорғаудың пайдасы жайында мәлімет берді. Оқушылар құстарға азда болса қамқорлық жасағандарына риза болып тарқасты.

**Павлодар ауданы.
Шақат мектепшілігі
баспасөз орталығы.**

Шеберлікке шек жоқ



Майқарағай жалпы орта білім беру мектебінің «Гибрат» Әжелер мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес облыстық «Шаңырақ» кешенді жобаның жүзеге асырылуы аясында «Шеберлікке шек жоқ» шеберлік сағаты өткізілді. Жобаның мақсаты - оқушылармен бірлесіп қазақтың ұлттық киіз үйін жасауы болып табылады. Сонымен қатар, ұлттық шығармашылықты жандандыру



және дамыту, қазақ мәдениетінің дәстүрлерін көбейту мен өскелең ұрпақтың эстетикалық, еңбек, отбасылық, ұлттық және патриоттық тәрбиесін дамыту. Оқушылардың алдағы өмірге қажетті білім, еңбек біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызығушылығын одан әрі дамыту үшін қалыптастыру және оқушылардың оң мотивациясын қолдау және нығайту - негізгі міндеті деп санаймыз.

**Бибинур Солтанманова
Майқарағай мектебі**



Ұстазға арналған тәрбие сағаты

Ақсу қаласы №1 қазақ орта мектебінде 4 «а» сынып жетекшісі Мадьярова Загира Оспанқызының ұйымдастыруымен «Ұстаз-Ұлы тұлға» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына мектебіміздің ардагер ұстазы Балтабаева Ботагөз Савенқызы, оқу ісінің меңгерушісі Жапарова Клара Камалбайқызы, тәрбие ісінің меңгерушісі Штифель Гүлмира Бектасқызы және бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Ұстаз, ұстаз!

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық, Осы сөзде таусылмайтын жылылық, Әл-Фараби, Ыбырай мен Ақанды Осы сөз ғой қойған бізге Ұлы ғып, -деп қос жүргізушілер оқу үздіктері Сетерғазы Ақтілек пен Ханат Мөлдір бастап тәрбие сағат керемет жүргізді. «Мұғалім» сөзін әр балаға дыбыстап айтқызып, М-Мейірімді, Ұ-ұлағатты, Ғ-ғазиз, А-ақылшы, Л-лайықты, І-іскер, М-маман-деп атап өтті. Қыздардың орындауын-

да «Мектебім», Абсаматова Ясмина мен Ханат Мөлдірдің орындауында «Ұстазым» әні шырқалды. Оқушылар ұстаз туралы ақындардың өлеңдерін жатқа оқыды.

Тәрбие сағатының соңында



ардагер ұстаз оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беріп, даналық кеңесін айтып, жас ұрпақтарға батасын берді.

**Загира Мадьярова,
№1 қазақ орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі**

8стр.



№№19-20
(350-351)

от 29 октября
2021 года

ЖЫР ЖАУҚАЗЫН



**Құрметті оқырман, газет редакциясына
Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта
білім беру мектебінің 2 «Д» сынып оқушылары
өз қалам ұшынан туған шығармаларын жіберіпті.
Сынып жетекшілері Ақатаева Айнаш Думашқызы.
Оқушылардың шығармаларын сіздерге ұсынып
отырмыз.**

Тәуелсіздік және жастарға жолдау

Қазіргі таңда біздер Тәуелсіз мемлекетте уайымсыз, еркін өмір сүріп жатырмыз. Халқымыз үлкен қиындықтармен күресуден өтті. Тәуелсіздікке жету үшін біздің ата-бабаларымыздың қосқан үлесі зор. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы 30 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жеттік. 1991 жылы 16 желтоқсанда



ҚР Тәуелсіздік алып, одан кейін біздің өз мемлекеттік туымыз, әнұранымыз және валютамыз «Теңге» шықты. 1997 жылы 11 шілдеде «Тіл туралы» заң қабылданды. Қазақстанда көптеген әдемі қалаларымыз бар. Бас қаламыз ол – «Нұрсұлтан» қаласы. Нұрсұлтан қаласы өте әдемі, көрікті, биік-биік ғимараттар салынған әсем қалалардың бірі. Нұрсұлтан деген ұғым президентіміздің құрметіне аталған.

Біздің елімізде көптеген ұлттар тұрады. Барлығымыз бір-бірімізді сыйлап, тату өмір сүреміз. Мен Бауыржан Момышұлы мектебінің 2 «д» сынып оқушысымын. Біздер еліміздің ертеңгі болашағымыз. Аталарымыздың үмітін ақтап, елімізде көп еңбек етуіміз керек. Ол үшін қазір біз өзімізден бастауымыз керек. Оқуда озағ болып, үлкендерге құрмет, кішілерге ізетпен қарап, өз тілімізді, өз дінімізді



құрметтеп, салт-дәстүрімізді ұмытпай дәріптеп, санамызда елімізге деген патриоттық күшіміз, биік болуы керек. Біз тұғыры биік болашағы жарқын, Тәуелсіз мемлекеттің жастарымыз. Жасай бер Қазақстан! ь

Набиев Алимжан

Менің Отаным

Менің отаным - Қазақстан. Ол тәуелсіз мемлекет. Жері ұлан байтақ, өте үлкен, жер көлемі бойынша тоғызыншы орында. Қазақстанда көп ұлттар бейбіт



өмір сүреді. Мен өз Отанымды мақтан тұтамын.

Мырзатай Нұрәли

Менің сыныбым

Мен 2 «д» сыныбында оқимын. Менің сыныбымда 25 оқушы оқиды. Біз өте ұйымшыл сыныппыз, біз әртүрлі іс-шараларға қатысып жүлделі орындар аламыз. Біздің сынып жетекшіміз Ай-

наш Думашқызы. Мен өз сынып жетекшіммен мақтанамын. Менің сыныбым өте көңілді және мықты.

Сұлтанбек Ғанибек

Ұстаз болу арманым

Әр адам армандай білу керек. Мен болашақта ұстаз болуды армандаймын. Менің ойымша мұғалім сауатты, білімді, ақылды болу керек. Менің алғашқы ұстазым Айнаш Думашқызы. Ол өте ақылды, балаларды жақсы көреді. Балалар да оны сыйлайды. Менің атам да ұстаз болды. Мен өзімнің атама және ұстазым Айнаш апайға ұқсап шебер ұстаз болғым келеді. Ол үшін сабақты жақсы оқу керек. Оқу инемен құдық қазғандай. Сондықтан көп еңбек етіп, білім жинау керек.

Муратова Анель

Тәуелсіз Қазақстан

Қазақстан тәуелсіз,
Болғанына отыз жыл.
Отыз жылда көркейіп
Халық саны көбейіп,
Қызықтарға кенеліп.
Бейбітшіл біз боламыз!

